

# БАЛА ТӘРБИЕСІ



## Ата анамен ықпалдасу әдістемесі



# Ата - аналар топтары

Балалары үлгілі отбасы тобы

Балалары нашар оқитын отбасылар тобы

Тұрмыс жағдайының қиындығы бала тәрбиесіне әсер ететін отбасылар тобы

Материалдық жағдайы өте жақсы отбасылар

Барлық мүмкіндігі бар, үлгілі отбасылар.  
*Жүргізілетін жұмыс формасы: шығармашылық кештер, ата-аналар рингі*

Бала тәрбиесіне көңіл бөлмейтін, селқос қарайтын, ішімдікке әуес отбасылар.  
*Жүргізілетін жұмыс формасы: тақырыптық кеңес, психологиялық тренинг*

Баланың тәртібі, талпынысы жақсы, бірақ отбасының материалдық тапшылығы бала психологиясына кері әсер ететін отбасылар.  
*Жүргізілетін жұмыс формасы: пікірталас клубы, педагогикалық семинар*

Балаға тәрбие берудегі бағыт-бағдары талапқа сай отбасы.  
*Жүргізілетін жұмыс формасы: ата-аналар университеті, отбасылық тәжірибе презентациясы*

**Бала тәрбиесінде отбасының жағымсыз әсер ету жақтарын сөз еткенде оны үш топқа бөліп қарастыруға болады:**

**Бірінші топ**

Баланы қалай тәрбиелеу керек екендігін біледі және дәл солай тәрбиелейді. Олар көп емес, алайда, өздерінің саналы өмірімен және сапалы іс-әрекетімен тек өз балаларына ғана тәрбие беріп қоймай, мектептегі қоғамдық жұмыстарға қолғабыс етіп, басқа ата-аналарға үлгі көрсетеді.

**Екінші топ**

Өз балаларына өнегелі тәрбие бергісі келеді, бірақ, қалай тәрбиелеу керек екендігін білмейді. Мұндайлар ата-аналардың басым көпшілігі. Олар тәрбие мақсатын білмегендіктен олардың іс-әрекеті балаларына кері әсер етуі мүмкін.

**Ата-ана**

**Үшінші топ**

Балаларды тәрбиелеудің жолдарын білмейді, білгісі де келмейді, яғни бұл педагогтерге қарсы тұратын төменгі әлеуметтік топ. Сондықтан да бұл топтан “қиын” балалар тәрбиеленіп шығатын отбасылар.

## Ата-аналармен жүргізілетін жұмысты ұйымдастырудың жаңа формалары

### Пікірталас клубы

Бала тәрбиесіне байланысты өзекті тақырыптарды қамтиды. Әр түрлі көзқарастағы ата-аналардың пікірлерін талдайды, дәлелдейді. Ата-аналардың дүниетанымын кеңейтуді мақсат етеді.

### Ата-аналар клубы

Мектептегі, отбасындағы, сыныптағы кездесетін қайшылықты жағдаяттарды шешуге арналады. Рингке не ата-ана мен баланы, не педагогтарды, не оқушы мен мұғалімді шығаруға болады.

### Психологиялық тренинг

Ата-аналармен жұмыс жүргізудің белсенді түрі. Тренингке кемі 2 отбасы қатыса алады. Нәтижесінде әрбір отбасы өзіне пікірі мазмұндас 12-15 адамнан тұратын топ құра алады.

### Тақырыптық кеңес

Ата-аналарды психологиялық, педагогикалық білім және тәжірибе жаңалықтарымен таныстыру, кеңес беру, ой қозғау, ой қорыту

Мектептің бала тәрбиелеудегі саясатын отбасының дұрыс түсінуі, ата-аналармен педагогикалық ынтымақтастықта түрлі формадағы жұмыстар жүргізе отырып, баланың тұлға ретінде дамуына жағдай жасау

### Ата-аналар университеті

Ата-аналарға, жұртшылыққа жүйелі педагогикалық білім беретін орын. Оқу мерзімі 2 жыл. Оқу сабақ кестесі бойынша жүргізіледі. Оқуға түсетіндер ата-аналар комитеті арқылы қабылданады

### Отбасылық тәжірибе презентациясы.

Сынып жетекшісінің озат тәжірибеден кеңестер беруі, ата-аналардың қажетті әдебиеттермен танысуы, зерттеуі, өзіндік пікір қалыптасуы және проблемалық сұрақ төңірегінде жоба қорғауы

### Педагогикалық семинар

Отбасылық тәрбиенің әдіс-тәсілдеріне арналады. Семинарға мұғалімдер де, ата-аналар да жан-жақты дайындықпен қатысуы қажет

### Шығармашылық кештер

Шығармашылық кештер мектепішілік және сыныпішілік болып, озық ойлы және ерекше қабілетті, танымал ата-аналарды үлгі тұту, насихаттау мақсатында ұйымдастырылады

### Ата-аналар мектебі

*"Мектептің басты мақсаты - жалғыз білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру"*

*М. Дулатов*

Қазақстандық ұлтжанды, төзімді, рухани құнды, рух-жігері шыңдалған белсенді тұлға қалыптасады. (Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында 2006-2011 жылдарға арналған кешенді тәрбие бағдарламасынан)

Н  
Ә  
Т  
И  
Ж  
Е  
С  
І  
М  
А  
Қ  
С  
А  
Т  
Ы

Ф  
О  
Р  
М  
А  
Л  
А  
Р  
Ы